

1992 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі шақыру участкесіне тіркеуді өткізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 06 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қаңтарда № 8-4-129 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 4-13/140 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімінің 31.01.2014 № 4-13/140 хатымен).**

"Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңның орындау мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңның және "Қазақстан Республикасында әскери міндептілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі: (Б.Ә. Бекмағамбетов келісім бойынша) 2009 жылғы қаңтар-наурыз аралығында, тіркеу жылында жастары 17-ге келетін Қазақстан Республикасы азаматтары мен бұрын шақыру участкесіне тіркеуден өтпеген үлкен жастағы тұлғаларды шақыру участкесіне тіркеуді үйымдастырып, өткіздін.

2. Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі (Б.Ә. Бекмағамбетов келісім бойынша) шақыру участкесіне 1992 жылы туған азаматтарды әскери есепке алу, саны мен әскери қызметке жарамдылық дәрежесін, жалпы білім деңгейлерін, алған мамандықтары мен дене даярлығын анықтау және әскери оқу орындарына түсуге үміткерлерді айқындау мақсатында тіркеу өткіздін.

3. Қоңырат, Гүлшат, Саяқ кенттерінің әкімдері, үйымдардың, оқу орындарының, үйлердің пайдалануын жүзеге асыруши тұтынушы пәтер иелері кооперативтерінің басшылары, Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөліміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әскери міндептілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі

туралы ережесінің N 1 қосымшасы бойынша 1992 жылы туған азаматтардың тізімін шақыру участкесіне тіркеуді өткізу үшін тапсыру ұсынылсын.

4. Білім беру ұйымдары мен басқа да ұйымдардың басшыларына әскерге шақырылатын жасөспірімдер медициналық комиссияға шақыру қағазын алған кезде медициналық қуәландыруды өту және құжаттарды жинау үшін жұмыстан, оқудан босату ұсынылсын.

5. Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі (Б.Ә. Бекмағамбетов келісім бойынша) 2009 жылғы 15 сәуірге дейін қала әкіміне 1992 жылы туған азаматтарды шақыру участкелеріне тіркеу нәтижелері жөнінде ақпарат бересін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Людмила Мырзахметқызы Түкбаеваға жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Балқаш қаласының әкімі К. ТЕЙЛЯНОВ

КЕЛІСІЛДІ

Балқаш қалалық қорғаныс істері  
жөніндегі біріктірілген бөлімнің бастығы  
29 желтоқсан 2008 жыл

\_\_\_\_\_ Б. Бекмағамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК